

Арқалық қаласындағы  
Облыстық №2  
әмбебап  
ғылыми  
кітапханасы



# Кітапхана тынысы

## Библиодайджест

Арқалық қаласы  
2020 жыл

Шығарылды  
Шілде 2020ж.  
Библиодайджест №2

Кітапхана тынысы



КММ Арқалық қаласының Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы

# Мазмұны

- ✚ Библиогид
- ✚ Атаулы күндер
- ✚ Мерейтойлар
- ✚ Жаңалықтар мен оқиғалар
- ✚ Болашаққа жоспар

## 1 бөлім

- ✚ Библиогид

# "Қазағымның үні сенсің, домбыра!"

Шілде айының алғашқы жексенбісі елімізде – Ұлттық домбыра күні аталып өтіледі. Осы мерекеге байланысты кітап көрмесінен онлайн-хабар жүргізілді.  
**Мақсаты:** «Рухани жаңғыру» бағдарламасын бағытқа ала отырып, ұлттық

құндылықтарымызды келешек жас ұрпақтарға насихаттау. Қазақ халқының аспаптық музыка саласы сан ғасырлар бойы қаншама тарихи кезеңдердің рухани нәрін бойына жинап, өзіндік айрықша үнмен, өзгеше нақышпен, шебер шыңдап, кемел дамып, ұлттық дара сипатта қалыптасқан.

Домбыра қазақтың қайғысын жеңілдетіп, қуанышын бөлісер жан серігіне айналған. Домбыра – бабадан қалған мұра, қазақтың көзі, тарихтың сөзі. Даланың құнын, бабаның үнін қос ішекпен жеткізуші жәдігер.

1 шілде – Ұлттық домбыра күні мерекесінде Өнер бөлімшесінде



«Қазағымның үні сенсің, домбыра!» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің бірінші бөлімі: «Домбыра ұлт мұрасы» бөліміне домбыра өнері, домбыра тарихы, домбыра мұрасы, домбыра шежіресі жайлы жазылған әдебиеттер қойылды.

Көрменің «Көне дүние

күмбірі» екінші бөліміне домбыра үнін насихаттаған қазақ дүлдүл күйшілері жайлы әдебиеттер қойылды. Сонымен қатар домбыра үйренуге арналған әдістемелік және оқулық кітаптар, тақырыпты ашатын мерзімді басылымдар қойылды.

Ұлттық домбыра күніне арналған онлайн көрмесіне шолу жасай отырып, «Қазағымның үні сенсің, домбыра!» тақырыбындағы онлайн-кітап көрмесін ұсынамыз!






Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай дайындалған "Әл-Фараби және қазақ халқының тарихи мұрасы" атты көрме - әңгіме оқырман назарына ұсынамыз.

**Мақсаты:** Әбу Насыр Әл-Фараби түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, "Әлемнің 2-ұстазы" атанған ойшылдың өмірі мен

шығармашылығын, дүниетанымын айшықтауға баса назар аударып, рухани мұрасын дәріптеу, насихаттау.



# Шілде - желтоқсан

# "Сұлу сөздің сардары"



/онлайн бейнешолу/

Қазақтың атақты жазушысы, драматург Сәбит Мұқановтың 120 жылдығына арналған "Сұлу сөздің сардары" атты кітап көрмесіне онлайн бейнешолуды ұсынып отырмыз.



Қазақ әдебиетінің мақтанышы С. Мұқанов өзінің өнегелі де өміршең шығармаларымен қазақтың жаңа ұрпағына рухани азық беріп, ұрпақтан - ұрпаққа жасай беретін ұлы классик ақын шығармаларын назарларыңызға ұсынамыз.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

# Шілде - желтоқсан

# "Абай жолы және Тәуелсіздік рухы"



"Абай жолы және Тәуелсіздік рухы" кітап көрмесіне онлайн шолу



Ерекше бір қасиетпен енген күн,  
Даналық пен даралыққа сенген күн.  
Бүгінгі күн айтулы күн себебі  
Хакім Абай дүниеге келген күн!

Абай күніне орай ұлылыққа тағзым



ретінде,

ақынның сарқылмас мол мұрасын дәріштеген  
"Абай жолы және Тәуелсіздік рухы" атты  
кітап көрмесін назарларыңызға ұсынамыз.

**Мақсаты:** Абай хакімнің мұрасын, асқақ  
тұлғасын биік тұғырға шығару, ерекше  
құрметтеу баршамызға парыз.

Қызылжар Тұңғысы


# Шілде - желтоқсан



## Кітапхана тынысы

"Ұлы далаелінің ұлттық құжаты" атты ҚР Конституциясының 25 жылдығына арналған виртуалды көрме.

Ата заң-мызғымас мемлекеттігіміздің алтын қазығы, халықтың құқығы мен бостандығын қорғайтын негізгі құнды құжаты. Ұлық мереке құтты болсын!



# Шілде - желтоқсан

# "Конституция - Тәуелсіздік тұғыры"

"Конституция-Тәуелсіздік тұғыры" атты кітап көрмесіне онлайн шолу



**Мақсаты:** Ата-заң ең маңызды құндылық болып саналады. Заңға бағынып, оны құрметтеу, оның тарихын өсіп өркендеу кезеңдерін біле отырып, келешек ұрпаққа насихаттау.



Сөздің қадіріне жеткен қазақ ежелден ақ заңдарын тайға таңба басқандай жазып қолданып отырған. Атап айтсақ "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы", "Әз-Тәукенің жеті жарғысы". Қазіргі қолданыстағы конституция 1995 жылы 30 тамызда қабылданған.

Оқырман қауымды Конституцияның 25 жылдығымен құттықтай отырып, бейбіт ел болып, береке бірлігіміз арта берсін демекпіз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



# Шілде желтоқсан спорт және әдебиеті



## Кітапхана тынысы

Адам денсаулығын қорғау мәселесі әр мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Сондықтан да, халықтың денсаулығы, әл-аухаты, халық арасында бұқаралық спортты дамыту, дені сау ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет саясатының басты бағыты болып есептеледі. Спорттың өзі бір әлем. Біріншіден, деннің саулығына ықпал етсе, екіншіден, саламатты өмір салтын ұстануға бағыт-бағдар береді. Дене шынықтыру мен спорт – халықтың денсаулығын нығайту, рухани тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыруда ең маңызды сала екені даусыз. Спорт елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Грек ойшылы Аристотельдің « Жанды дене қозғалмаса өледі» деген қағидасы әлі күнге дейін өз мәнін жойған емес. Өнер бөлімшесінде, дене шынықтыру пәніне арналған әдістемелік оқулықтар, энциклопедиялық анықтамалар, спорт саңлақтары туралы кітаптар өте көп. Спорт әдебиетін насихаттау, оқырмандар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында назарларыңызға «Спорт және әдебиет» тақырыбындағы көрме-бенефисті ұсынамыз. Көрме үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім, дене шынықтыру пәніне арналған оқулықтар, әдістемелік құралдар, мысалы: Ұлжан Мұхамеджанованың «Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі» 2007 жылы Астана қаласы «Фолиант» баспасынан шыққан. Оқулықта мектептегі дене тәрбиесін оқытудағы негізгі мақсаттары мен оның алға қойған міндеттері, дене тәрбиесіндегі барлық жүйелердің қызметтік бағыттары мен негізгі шарттары талдамалы түрде



# Шілде - желтоқсан



карастырылған. Әдістемелік құрал колледж оқытушылары мен студенттеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Төтенай Базарбектің «Дене тәрбиесі» атты кітабы 2008 жылы Астана қаласы «Фолиант» баспасынан шыққан, оқулықта арнаулы білім алып жатқан студенттерге дене тәрбиесі пәнінің стандарттары мен бағдарлама талаптары көрсетілген, сондай-ақ, емтихан сұрақтары мен тест көрсеткіштері де бар. Қыдырмолдина Айнұрдың «Спорт физиологиясы» кітабы 2013 жылы «Фолиант» баспасынан басылып шыққан. Оқулықта қозғалыстар тәрізді спорттық жаттығулар, спорт физиологиясының жеке мәселелері, жалпы спорттық жаттығулардың топтарға біріктіруі көрсетіліп отыр.

Кітап медицина және дене шынықтыру саласындағы студент, ұстаз, жаттықтырушылар мен спорт дәрігерлеріне арналған. Асқар Мәутенбаевтың «Спорттық медицина» деген оқу құралында патология және патологияға дейінгі алдын алу шаралары, мектеп оқушыларын, студенттерді, арнайы дәрігерлік топтар, әйел-спортшыларды дәрігерлік бақылаудан өткізіп, есепке алу мәселелері көтерілген. Көрменің екінші бөлімінде энциклопедиялық анықтамалар, спорттық түсініктеме сөздер, алфавиттік түрде жазылған спорттық анықтамалар

жинақталған, айта кетсек: Өмірзақ Жолымбетов пен Анатолий Құлназаровтың «Қазақстан – спортшылар елі» деген кітабы.





Бұл энциклопедиялық анықтамалықта елдің дене тәрбиесі мен спорттық тарихы, дамуы мен қазіргі жағдайы туралы деректер алфавиттік түрде енгізілген. Елімізде кең тараған спорт түрлері, әсіресе, ұлттық спорт, атақты спортшылар мен жаттықтырушылардың өмірінен мол мағлұмат береді.




Балаларға арналған «Спорт әлемі» атты спорт анықтамалығында автор, спорт журналисі Өмірзақ Жолымбетов, олимпиада ойындарының шығу тарихына қысқаша шолу жасай отыра, 60 астам спорт түрлеріне, олардың ерекшеліктеріне, жарыс ережелеріне тоқталған. Кітап 2010 жылы Алматы қаласы «Сөздік-Словарь» баспасынан басылып шыққан. Үшінші бөлімде, спорттың жеке түрлерін қамтитын әдебиеттерге теориялық түсініктеме беріліп, жеңіл атлетика, баскетбол, күрес, тоғызқұмалақ, шахмат, ат спорты, футбол, бокс сияқты спорт ойындарына арналған арнайы

әдебиеттер бар. Спортшылардың өмірі мен спорттағы жетістіктері туралы жазылған естелік кітаптар, деректі хикаяттар, фотоальбомдар, мысалы грек-рим күресінен, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкөмпіров, қазақ боксының атасы Әбдісәлан Нұрмаханов, Кеңес одағының бірнеше дүркін чемпионы, желаяқ Әмин Тұяқов, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы боксшы Бекзат Саттарханов, грек-рим күресінен Азия, Европа, әлем чемпионы Дәулет Тұрлыханов және т.б. спорт тұлғаларына арналған әдебиеттер жинақталған. «Бекзат» атты үш тілдегі фотоальбом 2006 жылы Алматы қаласы «Қазығұрт» баспасынан басылып шыққан. Кітапта боксшының туған жері, жанұясы, ата-анасы жайлы мәліметтер фотосуреттермен бірге берілген. Спортшының жеткен жетістіктері, Сидней олимпиадасындағы жеңісі, әр жекпе-жегі, елге оралғанда көрсетілген қошемет пен алғыстары кітап ішінен көрініс тапқан. «Қазақ балуандары» атты тарихи деректі басылым 2006 жылы



Астана қаласы, Ер-Дәулет баспасынан басылып шыққан. Кітаптың бірінші томында күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасовтан бастап халқымызға жақсы танылған балуандар туралы деректер бар. Осы кітаптың екінші томына, грек-



рим күресінің тарихы, осы күрес түрінен шыққан халқымыздың ең таңдаулы 24 балуаны туралы, олардың жеңістері мен жетістіктері айтылған. Кітаптың 4 томы дзюдо күресіне арналған.

«Қазақ олимпиадашылары» деп аталатын екі томдық тарихи-деректі басылымның 1 томында 1960-1992 жылдар аралығындағы Олимпиада ойындарында ел қоржынына олжа салған қазақ саңлақтары туралы

ақпарат берілген. Ал 2 томына 1992-2000 жылдардағы Олимпиада ойындарына қатысып, ел намысын қорғаған спортшылар туралы деректі материалдар еніп отыр. Бұдан басқа, көрмеде орыс тілінде де дене шынықтыру пәнінің әдістемесі, спорттық, ұлттық ойындар, күрес, баскетбол, каратэ, бодибилдингке арналған арнайы оқулықтар, Олимпиада чемпиондары, әйгілі велошабандоз Александр Винокуров, шаңғышы Владимир Смирнов туралы фотоальбомдар бар. Көрмеге қазақ және орыс тілдерінде шығатын «Мектептегі дене шынықтыру», «Физкультура в школе», «Физкультура и спорт», «Спорт жұлдыздары», «Тарлан» сияқты әдістемелік журналдар қойылған.

Оқырмандар арасында салауатты өмір салтын ұстануға, спорт саңлақтарын насихаттауға шақыра отыра, көрмемен жақын танысып, спорт әдебиеттерін оқуға шақырамыз!



# Жаңа Жолдау - Жаңа Мақсат!

Кітапхана тынысы Шілде - желтоқсан



"Жаңа Жолдау - жаңа мақсат" атты ақпараттық көрме.

**Мақсаты:** Көрме арқылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына жолдауын оқырмандарға насихаттау. Жастарды терең білімді, күш-жігері мықты тұлға болуға, ұлт тағдырын ойлайтын әділетті, еңбекқор болуға шақыру.





/көрме саяхат/

**Мақсаты:** Арқалық қаласының қысқаша тарихын кітап көрмесіне саяхаттай отырып келешек ұрпаққа қаламыздың тарихын дәріптеген жинақтар мен мақтаныштарын насихаттау.

Көрмеде Арқалық шахарының тарихы, кісіпорындар жайлы жзылған және киелі жерімізден шыққан ақын жазушыларымыздың еңбектері ұсынылған.



Кітапхана тынысы



# Шілде - желтоқсан Әдебиет бөлімі

Кітапхана тынысы

## Атаулы күндер



Құрметті оқырмандар! Барлық заңдардың бастауы, қайнар көзі болып саналатын Ата Заңымыздың күніне орай балалар әдебиет бөлімі сіздердің назарларыңызға "Менің балалық шағымды Заң қорғайды" атты онлайн бейнесабағын ұсынады.



Қазақстан Республикасындағы  
баланың құқықтары туралы заңы  
2002 жылы тамызда 10  
тараудан, 53 баптан тұратын заң  
қабылданған





"Әл-Фарабидың ашылмаған әлемі" "Ұстаздың оралуы" кітаппен саяхат. Ұлы тұлға Әл-Фарабидың 1150 жылдығына орай жұртшылық назарына "Бір ел, бір кітап" акциясы аясында Қазақстанның халық жазушысы Әнуар Әлімжановтың "Ұстаздың оралуы" романы ұсынылып отыр.

Бұл роман орта ғасырлардағы Орта Азия мен таяу Шығыс қалаларын суреттей отырып, Әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидың ғибратты өмірін сөз етеді.





# Тілдер мерейі - елдің

## Кітапхана тынысы

онлайн сұрақ-жауап

(5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдер күні)

- 1) Тілдер мерекесі жыл сайын қай күні тойланады?
  - А) 5 қыркүйек
  - Б) 4-қазан
  - В) 3 қыркүйек
- 2) Қазақ әліпбиінің негізін салушы кім?
  - А) Ы. Алтынсарин
  - Б) А. Байтұрсынов
  - В) А. Құнанбаев
- 3) Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?
  - А) моңғол
  - Б) түркі тілдес
- 4) «Қазақ хрестоматиясын» жазған кім?
  - А) Ы. Алтынсарин
  - Б) А. Байтұрсынов
  - В) А. Құнанбаев



- 5) Қазақ тілі алғаш мемлекеттік мәртебесін қай жылы алды?
- А) 1991
  - Б) 1998
  - В) 1989
- 6) Тілдер күні кімнің туған күнімен байланыстырылып қойылды ?
- А) Ы. Алтынсарин
  - Б) А. Байтұрсынов
  - В) А. Құнанбаев
- 7) Ине көзінен сынады..... сөзінен сынады
- А) батыр
  - Б) шешен
- 8) Қаһарлы сөз ... бұзар
- А) көңілді
  - Б) қамал



## "Кішкентай қала-үлкен тарих"

/бейне саяхат/

**Торғай төсіне орналасқан қаламызға бейне саяхат**



Туған жеріміздің тарихын білу-келер ұрпақтың, біздердің міндетіміз деп білеміз. Өйткені өткенін білмей, болашақты болжау мүмкін емес. "Туған жер" деген сөзде терең ұғым бар, ол-әрбір адамның жарық дүниеге шыр етіп келген киелі мекені. Туған жердің барлық табиғи қадыр-қасиеті ананың ақ сүтімен тұла бойыңа тарайды. Олай болса, бүгінгі тарихы тереңде жатқан астықты өлке, киелі де, байлық тұнған, құтты мекен, туған

өлкемізге арналады.



Қызылқозы аттанған қасиетті жер

**Торғайлықтар үшін сен – бас қаласың,  
Торғайлықтар үшін сен – астанасың.  
Аңсап келсе – сусындар саяжайсың,  
Шаршап келсе – тынығар баспанасың.**  
Әбжан Әбілтаев



1956 жылы 21-ші қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Арқалық поселкесі құрылады



№1 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі

№4 Кейігі батыр атындағы орта мектебі



ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТЫ

# Ұмытылмас бекзат бейне

Кітапхана тынысы

Шілде - желтоқсан



## Мерейтойлар

### 3 бөлім

#### «Ұмытылмас бекзат бейне»

#### Әдеби портрет


Ағартушы, этнограф, зерттеуші Ш Уәлихановтың туғанына 185 жылдығына орай дайындалған «Ұмытылмас бекзат бейне» атты әдеби портрет оқырман назарына ұсынамыз.

Ш Уәлиханов XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің алғашқы және талантты өкілдерінің бірі. Ол саяхатшы болуды, соның ішінде Орта Азияны аралап, зерттеуді мақсат етеді. 1855 жылы Шоқан Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралап қазақ халқының тарихы, әдет – ғұрпы, діни ұғымдары жайында материал жинап қайтады. Осыдан кейін ол «Тәңірі», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Алтышаһар немесе Қашқария» деген еңбектерін жарыққа шығарады. Дара дарын иесі аз ғана ғұмырында жанқиярлықпен жанталаса қызмет етеді. Өйткені ол өз еліне шын берілген қазақ тұрмысын ардақтаушы үздік тұлға.



## «Ұмытылмас бекзат бейне»

### Литературный портрет



Исполняется 185 лет со дня рождения великого ученого, путешественника, этнографа Чокана Валиханова. Чокан Валиханов – яркая звезда общественно-научной и культурной жизни в Казахстане, знаменитый просветитель-демократ, путешественник, востоковед и этнограф

В настоящее время научное наследие Ч. Ч. Валиханова представлено опубликованными и неопубликованными трудами, значение которых трудно переоценить. В своих произведениях наш выдающийся соотечественник предстает перед нами как путешественник, географ, востоковед, этнограф, фольклорист, историк, публицист, экономист, юрист и первый казахский художник. Обширное и многообразное наследие Валиханова представляет интерес для многих ученых.


Специалисты также отмечают огромный вклад Чокана Валиханова в развитие физической, социальной и экономической географии. Он действительно стал одним из первых российских и казахских ученых, внесших весомый вклад в исследование Тянь-Шаня и Семиречья

За недолгую жизнь Чокан Валиханов сумел написать значительные труды. Его литературное и научное творчество составляет пять объемных томов.

Предлагаем Вашему вниманию литературный портрет Ч. Валиханова.




# Великая рассказчица леди Агата Кристи



## Кітапхана тынысы

### Великая рассказчица леди Агата


Агата Кристидің 130 жылдығына арналған әдеби - өмірбаяндық портрет. Агата Кристи — детективті проза авторларының ішіндегі ең танымал жазушы. Кристи 60 детективті роман, 6 психологиялық роман және 19 әңгімелер жинағын шығарды. Оның 16 пьесасы Лондон қаласында қойылған, кітаптары 4 миллиардтан астам тиражбен сатылып, көп тілдерге аударылды. Құрметті оқырман! Сіздердің назарларыңызға «Великая рассказчица леди Агата» атты әдеби-өмірбаяндық портрет ұсынып отырмыз.



### Великая рассказчица леди Агата

Исполнилось 130 лет со дня рождения английской писательницы Агаты Кристи.

Произведения Агаты Кристи стали одними из самых публикуемых за всю историю человечества (уступая только «Библии» и трудам Уильяма Шекспира, а также — самыми переводимыми (7236 переводов).



# Кітапхана тынысы

шілде - желтоқсан

Она опубликовала более 60 детективных романов, 6 психологических романов и 19 сборников рассказов. В театрах Лондона были поставлены 16 её пьес.

Книги Агаты Кристи изданы тиражом свыше 4 миллиардов экземпляров и переведены на более чем 100 языков мира.

Уважаемый читатель! Предлагаем Вашему вниманию литературно-биографический портрет Агаты Кристи.



## «Ұлы халықтың дана Абайы»

Еліміздің президенті Қ.Тоқаев: «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы» деген болатын. Бір қарағанда таныс тақырып болғанымен, Ұлы Абай туралы айта беру артық емес. Ұлылықтың сырына қанық болғымыз келсе, даралықтың қандай болатынын ұғынғымыз келсе, дана Абай әлемін шарлап қайталық, құрметті

оқырман! Жаңа технологиялар арқылы оқырманның зеректік қабілетін дамытып, ой өрісін кеңейту мақсатында



№2 ОӘФК балалар әдебиеті бөлімі сұрақ-жауап ойынын ұсынамыз.





## "Болмысы бөлек тұлға"

Қоғам қайраткері, сазгер, күйші, Арқалық қаласының құрметті азаматы Кәки Шәріпұлы Ақанның туғанына 85 жас толуына арнап "Болмысы бөлек тұлға" атты жаднаманың тұсаукесерін назарларыңызға ұсынамыз. Арқалық қаласындағы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапхана қоғам қайраткері, сазгер, күйші, Арқалық қаласының құрметті азаматы Кәки Шәріпұлы Ақанның туғанына 85 жас толуына орай «Болмысы бөлек тұлға» атты жаднаманы сіздердің назарларыңызға ұсынады.

Торғай өңіріне белгілі қоғам қайраткері, әуесқой сазгер, күйші Кәки Шәріпұлы Ақан 1935 жылы Қостанай облысы, Амангелді елді мекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1953 жылы Амангелді орта мектебінде пионер ұйымының жетекшісі қызметінен бастаған. Жігерлі жас жігіттің іс-қимылы, ұйымдастырушылық қабілеті оның Амангелді аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі болып жоғарлауына игі ықпал етеді.



1962 жылы партиялық жұмысқа ауысып, 1980 жылға дейін Қазақстан компартиясы Амангелді аудандық комитетінде нұсқаушы, сектор, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1980-86 жылдары аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, 1986-90 жылдары аудандық партия комитеті жанындағы партия комиссиясының төрағасы болды. Ақан Шәріпұлы бірнеше мәрте Амангелді аудандық партия комитетінің пленум, бюро мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. Ол партия

жұмысында

жүріп

сырттай

Қостанай

ауылшаруашылық

техникумын және СОКП Жоғары партия мектебін

бітірген.

Кітапхана тынысы

шілде - желтоқсан

Кәки Шәріпұлы халқымыздың жыршылық, термешілік өнерін де жанына серік еткен. Сахнада күй тартып қана қоймай өз жанынан ән шығарумен де айналысты. Тәуелсіз Қазақстанның 15 жылдығына орай өткізілген облыстық байқауда оның өзі шығарған «Елім менің» және «Қаһарманым-ерлерім» әндері екінші орындарды иеленіп, халықтық әнге айналды.

Ол он бес жыл Арқалық қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Арқалық қаласы ардагерлер кеңесін Кәки Шәріпұлы Ақан басқарған уақытта қала жұртшылығына үлгі болатындай бірқатар игі істер атқарды. Ол ардагерлерден құрылған «Қазына» көркемөнерпаздар үйірмесі еді. Үйірме ұжымға айналып, облыстық, қалалық байқаулардың бірнеше мәрте жүлдегері атанды. Қарттарға қамқорлық жасауда, олардың талап тілектерің орындауда мемлекеттік орындармен тығыз байланыста жұмыс жасады. Ол ардагерлерді жарқын іске жұмылды отырып, шаһардың өсіп-өркендеуі мен әлеуметтік мәселелеріне, жастардың патриоттық рухта тәрбиеленуіне елеулі еңбек етті.



Кәки Шәріпұлының еңбегі еленіп «Еңбек Қызыл Ту ордені» және бірнеше медаль, грамоталармен марапатталған.

Ұсынып отырған жаднаманың мақсаты: Кәки Шәріпұлының өмір жолдары мен қоғамда атқарған еңбектерін оқырман қауымға кеңінен насихаттау. Жаднамада Кәки Шәріпұлының еңбектері және мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі, өзінің жазған арнау-өлеңдері, әндері және ол туралы замандастары мен іні-қарындастарының естеліктері берілген.

ҰЛТ ТАҒДЫРЫН  
ТОЛҒАҒАН ЖАЗУШЫ


# ЫН ТОЛҒАҒАН ЖАЗУШЫ



## шілде - желтоқсан

«Ұлт тағдырын толғаған жазушы» -  
тұлғатану айдары

**Мақсаты:** қоғам қайраткері,  
жазушы-журналист, өлкеміздің  
Сапабек абыз ағасы Сапабек  
Әсіповтың өмірі және  
шығармашылық жолымен  
таныстырып, насихаттау.





Сапарбек Әсіповтың туғанына  
95 жыл

# ЖЕРІМ СӨЗДІ ҚАН ЖҮРЕК

"Жерім деп сөзден жүрек"  
әдеби саяхат



*/Сапарбек Әсіповтың туғанына 95 жыл әдеби сағат/*

Белгілі жазушы, ғалым, қоғам қайраткері Сапарбек Әсіповтың туғанына 95 жылдығына арналған әдеби саяхатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

**Мақсаты:** Оқырмандарды жазушының өмір жолымен таныстыру және шығармаларын насихаттай отырып, оқырмандардың рухани жан дүниесін байыту.

Шығармашылық иесінің қаламынан туған Торғайдың «Топжарғаны» атанған әйгілі Нұрхан ақынның шығармашылығынан « Нұрхан



Ахметбековтың поэтикалық әлемі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Жазушының сүбелі еңбегі отаршылдық пен ашаршылықтың қасіреті жайында «Қазақ қасіреті», « Қатерлі дерт қалжыраған халық» жайында тетралогия жазады. Қаламды қару еткен сөз сарбаздарын халқы да айрықша қадірлейді.



# Шілде - желтоқсан



## «Жерім деп соққан жүрек»

К 95-летию писателя Сапабека Әсіпұлы

Сапабек Әсіпұлы родился в 1925 году в поселке Алаколь Костанайской области. Он фронтовик, служил в сухопутных войсках, рядовой, стрелок, участник боев на различных фронтах Второй мировой войны.

После демобилизации начал работать в СМИ. С 1944-го по 1972 год был литературным сотрудником,

заведующим отделом, заместителем главного редактора костанайской областной газеты "Большевиктік жол" ("Қостанай таңы"), редактором, ответственным секретарем в районных газетах "Социатистік шаруа" и "Социалистік ауыл" (позже "Жаңа өмір" - "Новая жизнь"), заместителем главного редактора газеты "Қостанай таңы".



Сапарбек Әсіпұлы окончил Алматинскую высшую партийную школу (1963). В 1973 году стал кандидатом филологических наук.

Он автор книг "Қазақ қасіреті" ("Казахская трагедия", 1994), "Қатерлі дерт, қалжыраған халық" ("Опасная болезнь, ослабший народ", 1998), "Танталовы муки степи" (2001).

Сапабек Асипов - Лауреат премии Союза журналистов Казахстана (1995).

Награжден правительственными наградами.

# Шілде - желтоқсан



## "Табандылық – табысқа жетудің кілті"

/онлайн – сұхбат/

Әлем елдерінде Мемлекетіміздің, қазақ елінің көк туының желбіреуі, ән ұранымыздың шырқалуы спорт саласындағы жеткен жеңістің арқасы. 18 тамыз – спорт күніне Өнер бөлімшесінде «Табандылық – табысқа жетудің кілті» онлайн-сұхбат өтті.



Сұхбат қонағы - Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік педагогика институтының «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің 3-курс студенті, «ГР» спортынан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Қазақстан Республикасының спорт шебері, Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы атанған – Хайруллин Данияр Нұрлыбекұлы. Спорт саласында жеткен жетістіктері, бапкерлері жайлы әңгіме айтқан Данияр сұхбатта берілген сауалдарға тұшымды жауаптар беріп, Арқалық қаласындағы спорт саласындағы жетістіктер, алдағы жоспарларыменде бөлісті.

«Спорт және әдебиет» кітап көрмесімен таныстырылып, сұхбат қонағы Данияр Нұрлыбекұлына алғыс айтылды.

Сұхбатты ұйымдастыру мақсатымыз - қаламыздағы қала, облыс намысын қорғап, үлкен жетістіктерге жетіп жүрген, спорт саласындағы жастарды насихаттау.

Кітапхана тынысы

РУХАНИ  
ЖАҒЫЛУ

Алтын Орда –  
қазақ хандығы

Тарихи танымдық сағат

шілде - желтоқсан



## "Алтын Орда: қазақ хандығы"

/тарихи танымдық сағат/

"Алтын Орда: қазақ хандығы" - тарихи танымдық сағат.

**Мақсаты:** Алтын Орданың құрылуы туралы мәлімет беру. Ел тарихын насихаттап, болашақ жас ұрпақтардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыру.

«Алтын Орда – қазақ хандығының бабасы» атты кітап көрмесінде Арқалық қаласындағы ОӘҒК кітапханасының қорынан Алтын Орданың тарихы туралы, оны билеушілер және т.б. материалдар ұйымдастырылып онлайн библиографиялық шолу жасалынды.



Есенберлин, I.

Алтын Орда [Мәтін] : роман-трилогия / I. Есенберлин. - Алматы : Орда, 1999. - 526 бет.

Бұл шығарма қазақ халқы этногенезінің дамуы мен оның болашақ мемлекетінің қалыптасуында мейлінше маңызды кезең жайында әңгімелейді.


Монғол шапқыншылығы Қазақстан халқының қоғамдық дамуына теріс ықпалын тигізген, кері құлдыраудың түрлі процестерін туғызған, қала мәдениетін тоқыратқан құбылыс болғанымен, Алтын Орда дәуірінде алғаш рет бірігу үдірістеріне мүмкіндік туы.

# Шілде - желтоқсан

## 4 бөлім

"2021 жылға берілген Арқалық қаласындағы  
атаулы күндер күнтізбесі"

### Жаңалықтар мен оқиғалар



2021 жылға берілген Арқалық қаласындағы атаулы күндер күнтізбесі

**Күнтізбенің негізгі мақсаты:** өлкеміздің өткені мен бүгіні, тағылымды танымал тұлғалары мен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, экономикасы туралы кітапхана қорында бар ақпараттарды оқырмандарға насихаттап, рухани мұрамызды сақтау.

Күнтізбеде жалпы халықтық маңызы бар оқиғалар мен өлкеміздің тарихындағы, экономикасы мен мәдени өміріндегі айтулы оқиғалар мен атаулы күнері алынған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндері енгізілген.

Күнтізбе кітапханашылар мен мәдени қызметкерлерге, мұғалімдерге, студенттерге, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және өлкеміз туралы ақпарат алғысы келетін барша оқырман қауымдарға арналған.



Күнтізбе күнтізбесі



Кітапхана тынысы


шілде - желтоқсан

## «Киелі жерлер - бірлік пен жаңғыру нышаны»

/Аймақтық онлайн зерделі кеңес/

Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен 30.09.2020 ж. күні «Киелі жерлер бірлік пен жаңғыру нышаны» тақырыбында аймақтық онлайн зерделі кеңес өткізілді. Бұл кеңеске Аманкелді, Жанкелдин, Арқалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі қатысты. Зерделі кеңестің мақсаты - Өлкенің қасиетті жерлерін насихаттау. Кітапхана қызметкерлерінің шығармашылық белсенділігін арттыру.


Зерделі кеңесте: кітапхана басшысы Борибаева Қазына Байсабекқызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.



Кеңес

барысында № 2 ОӘҒК-ның библиографы Ермағанбет Сәуле Ғалымжанқызы «Өлкетану тарихы, бүгіні және даму болашағы», Жанкелді ОКЖ библиографы Нургазина Майра Бағдақызы «Ұшырған ұлылар мен даналарды Торғайым тарих

болып сақталады», Арқалық ОКЖ библиографы «Сакральды орындар – киелі тарихтың негізі», Аманкелді ОКЖ библиографы Аубакирова Алтын Қазтайқызы «Аманкелді ауданы төңірегінде ұмыт қалған киелі жерлер» тақырыптарында баяндамалар тыңдалды.



# Шілде - желтоқсан

«Аймақ кітапханаларының кітап қорларының қалыптастыру және сақталу жағдайы»



/Аймақтық іс-тәжірибе алмасу онлайн зерделі кеңес/



Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен 19.10.2020 ж. күні «Аймақ кітапханаларының кітап қорларының қалыптастыру және сақталу жағдайы» тақырыбында аймақтық іс-тәжірибе алмасу онлайн зерделі кеңес өткізілді. Бұл кеңеске Аманкелді, Жанкелдин, Арқалық орталықтандырылған



кітапханалар жүйесі қатысты. Зерделі кеңестің мақсаты: жалпы кітапхана ісіндегі жасалып жатқан, кітап қорының қалыптастыру және сақталу жағдайы және өңдеу іс-тәжірибелерді ашып көрсету. Осы тәсілдерді жетік меңгере отырып, есепке алу дәрежесі мен сақталуының әдіс-тәсілін үйрету. Зерделі кеңесте: кітапхана басшысы Борибаева Қазына Байсабекқызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Кеңес барысында № 2 ОӘФК-ның әдебиеттерді толықтыру және өңдеу секторының меңгерушісі Торғаева Әсел Тұяққызы «Кітапхана қорын өңдеу және есепке алу» тақырыбында баяндама жасады.



Кітапханашылар баяндама барысында сұрақ-жауап кою аркылы іс-тәжірибелер алмасты.

Кітапхана тынысы

шілде - желтоқсан

## «Кітапхана ісі. Жаңа терминдер сөздігі»

*/әдістемелік құрал/*

Қазіргі кезде, жаңа ақпараттық технологиялар заманында, кітапхана терминдері санының өсуі мен сан алуан түрлерінің көбеюіне байланысты, кітапхана терминологиясын реттеу мәселесі бірінші орынға қойылып отыр. Осыған орай, оны реттеудің түрлі үлгілері ішінде (ұсынылатын терминдер жинағы мен тізімін жасау, т.б.) терминдер сөздігін құрастыру іріктеліп алынды, себебі, басылымдардың бұл түрі өзінің лексикографиялық теориядағы қол жеткен табыстары мен дәстүрге ерекше көп енуі тұрғысынан қарағанда, аса кең таралған үлгі.

Әдістеме-библиография бөлімі «**Кітапхана ісі. Жаңа терминдер сөздігі**»

тақырыбында әдістемелік құрал құрастырып шығарып отыр. Бөлімде кітапханашыларға көмекші әдістемелік құралдарды құрастырып шығару үлкен жолға қойылған.

Бұл жинақ кітапханашыларға анықтамалық ретінде жаңа қолданыстағы сөздік қорлары мен жаңа жұмыс түрлеріне түсініктеме берілген. Жинақ кітапханашыларға, мәдениет мекемелерінің қызметкерлеріне, оқырмандардың кең тобына арналған. Сондықтан бұл жинақ кітапхана саласына тигізер септігі мол болары сөзсіз. Сондай-ақ бұл жинақ кітапханашылар мен оқырмандардың жаңа терминдерді игеруіне мол мүмкіндік береді.



# Шілде - желтоқсан




Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі дәрігер-дерматолог, медицина ғылымдарының кандидаты, Алаш ардақтыларының жоқтаушысы болған, ұлттық руханиятымыздың дамуына өлшеусіз үлес қосқан Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың 105 жылдығына орай – «Асылдың сынығы, тектінің тұяғы» атты библиографиялық көрсеткішін оқырман назарына ұсынды.


Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованы Алаш қызы деп мақтан етеміз. Ол өзінің өмірлік байсалды ұстанымымен, терең білім-ілімімен, аналық жайсаң мінезімен, ұлтына деген шексіз де мөлдір махаббатымен, елінің болашағына нық сеніммен қарап, жас ұрпақты бабалар рухымен тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосуымен дараланған тұлға еді.

Библиографиялық құралдың «Ақиқаттың анасы» атты бірінші бөлімінде Гүлнар Міржақыпқызының өмірбаяны, шығармалары, мерзімді басылымдардағы жарияланымдары, ол туралы әдебиеттер және баспа беттерінде ол туралы жарияланған мақалалар тізімі берілген.

Көрсеткіштің екінші бөлімі «Алаш арыстарының шырақшысы» деп аталады. Бұл бөлімде Алаш арыстарының көзін көрген, әкесі Міржақып пен өзге де Алаш арыстарының ақталғанының куәсі болып, сол қайраткерлер аңсап, армандаған тәуелсіздікті көзімен көріп, мүмкіндігінше соның шежіресін жасауға қалтықсыз қызмет еткен Гүлнар Міржақыпқызы туралы жазылған мақалалар мен арнаулар, лебіздер берілген.



«Қос ғасыр шежірешісі» атты көрсеткіштің үшінші бөлімінде Гүлнар Міржақыпқызы Дулатоваға арналған құттықтаулар, алғыс хаттар, марапаттары және қоғам қайраткері өмірінен фотосуреттер, мерзімді басылым беттерінде ол туралы жарияланған мақалалар берілген. Библиографиялық көрсеткішті дайындау барысында кітапхана қоры және интернет ресурстарынан алынған материалдар пайдаланылды. Басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіші берілген. Әдебиеттер бөлімдер бойынша жүйеге келтірілген, бөлім ішіндегі материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған. Библиографиялық көрсеткіш студенттерге, ғалым-зерттеушілерге, кітапхана қызметкерлеріне және барша оқырман қауымына арналған.



Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі ақын, баспагер, аудармашы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Бақыткерей Ысқақовтың 75 жасқа толуына орай «Өлкесін өлеңмен өрнектеген» атты библиографиялық көрсеткішін оқырман назарына ұсынды

Белгілі ақын Бақыткерей Ысқақовтың қаламынан туған өлеңдер мен поэмалардың бәрі де туған жердің табиғатын суреттеуге, адам бейнесін жан-жақты көрсетуге, өмірдегі күрестің мәнін философиялық оймен жеткізуге арналған. Өз даусына лайық тақырып таңдап, оны өзінше жырлап, өмір құбылысын қамту жағынан, авторлық ойды бейнелеу ерекшелігі жағынан болсын, өзіндік сипатпен көңілге жылылық ұялатып, оқырман мен ақын арасын жақындата түскендей.

Шілде - желтоқсан

Әдебиетпен олеңмен өрнектелген



Библиографиялық құралға Б. Ысқақовтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы ақпарат жинақталған.

Көрсеткішке баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген.

Әдебиеттер бөлімдер бойынша жүйеге келтірілген, бөлім ішіндегі материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Бөлімдер ақын еңбектерінің, мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен қызметі жайындағы кітаптары мен ол туралы мақалаларының тізімінен тұрады.

Басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Библиографиялық көрсеткіш әдебиетшілерге, ғалым-зерттеушілерге, студенттерге, кітапхана қызметкерлеріне, ақынның шығармашылығымен тереңірек танысқысы келетін барша жыр сүйер қауымға арналған.

Кітапхана тынысы




шілде - желтоқсан



## Кітапхана тынысы

Кітапхананың басты байлығы бұл әрине кітаптар. Кітапханамыздың қор көзі сыйға тартылған кітаптар мен толықтырылып отырады. Ақын Акбар қажы Жолбарыс Баязид өзінің құнды туындыларын кітапханаға сыйға тартты.

Бұл құнды сыйлықтарды автордың өтініші бойынша 2020 жылдың қыркүйек айының 29 жұлдызында ОӘҒК оқу залында Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің директоры Алмат Сандуғаш Орекенқызы табыстады. Сандуғаш Орекенқызы Жолбарыс Баязида ақынның қолтаңбасы қойылған кітаптардың 8 данасын сыйлады. Сондықтан бұл кітаптардың құны бағалы.



«Сыйға тартылған кітаптар»





## Болашаққа жоспар

### Әдістеме-библиография бөлімі

- 1 «Қоғамдағы кітап пен оқу мәдениетін қалыптастырудағы балалар кітапханасының рөлі» *Аймақтық зерделі кеңес*
- 2 «Ең үздік библиографиялық көрсеткіш» *Ақын С. Тұрғынбековтің 75 жасқа толуына орай /Байқау/*
- 3 «Кітапханашы анықтамалығы» *әдістемелік құрал*
- 4 «Ұлтын ұлықтаған азамат» *Мемлекет қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібеков туғанына 90 жыл*

### Оқу залы

- 1 «Алаштың асыл перзенті» *(Заңгер, қоғам қайраткері БІРІМЖАНОВ Батырбек Ахметұлы туғанына 110 жыл) /Поэтикалық марафон/*
- 2 «Жамбыл Жабаев -Ұлы дала ақыны» *(Ұлы ақын, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл) /Тұлғатану сағаты /*
- 3 «Болмысы бөлек тұлға» *(мемлекет және қоғам қайраткері Жақан Қосабаевтың туғанына 80 жыл) /Тұлғатану айдары/*



**4 ««Ел үшін қызмет еткен ғарышкер»** (12 сәуір Дүние жүзілік авиация және ғарышкерлер күніне Талғат Мұсабев 70 жаста) /Бейнешолу/

**5 «Есірткіге жол жоқ»**

(26 маусым Халықаралық нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу күні) /Шок көрме/

**6 «Туы биік, тұғыры берік Қазақ елі»** (4 маусым ҚР рәміздер күні.)

/Бейне викторина/

### **Абонемент бөлімі**

**1 «Ғасырдың ғаламат ақыны»** (ақын М. Мақатаевтың туғанына 90 жыл)

/Поэтикалық сәт/

**2 «Жүз жасаған байтерек»** (Ж. Жаббаевтың туғанына 175 жыл)

/Әдеби кеш/

**3 «Торғайдың бір асылы»** (ақын С. Тұрғынбековтың туғанына 75 жыл)

/Поэзия сағаты/

**4 «Писатель своей эпохи»** (145 лет со дня рождения Джека Лондона)

/Творческое обозрение/

**5 «Арқаның арқалы ақыны»** (ақын Әбжан Әбілтай 70 жаста)

/Поэзия кеші/

**6 «Кейкі тағдыры – ел тағдыры»** (Ш. Байділдің «Кейкі батыр» кітабы бойынша) /Онлайн сұхбат /

**7 «Жырларымен жүрекке қонақтаған»** (К. Мырзабековтың туғанына 75 жыл) /Поэзия сағаты/



## **Өнер бөлімі**

**1 «Өмірге өлең боп тіл қатқан» 22 – ақпан Оташев Сейтқали туғанына 70 жас / Поэзия күні/**

**2 «Ана, сен құдіреттісің әлемде!» 8 - наурыз Халықаралық әйелдер күні / Сазды қонақжай /**

**3 «Бақыт боп кел, Наурыз, Халқыма!» 22 – наурыз мейрамы / Көрме жәрмеңке/**

**4 «Ынтымақ түбі игілік!» 1 – мамыр Қазақстан халқының бірлік күні /Халықтар эскизі/**

**5 «Тарихы терең, беделі ерен – Театр» 27 – наурыз Халықаралық театр күні /Имидж коктейль/**

**6 «Кітап - мәңгілік елдің құндылығы» 23 – сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні /Кітап мәдениетін насихаттау/**

**7 «Күмбір күй шебері» 31 – қаңтар күйші, композитор, Қаз.КСР-нің халық әртісі Нұрпейсова Дина туғанына 160 жыл. /Күй керуен/**

**8 «Шеберлік шыңына шыққан» 25 – ақпан француз суретшісі Ренаур Пьер Огюст туғанына 180 жыл /шығармашылық сабақ/**

## **Балалар әдебиет бөлімі**

**1 «Егеменді елім, Тәуелсіз Қазақстаным менің – Моя суверенная страна, мой независимый Казахстан» /тарихи көрме/**

**2 «Кітап деген – ертегі, кітап деген – ән мен жыр – Книга – это сказка, книга это - песня» /Квист/**



КММ Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

**Құрастырушы:** Көшкінбай С.М.

**Редактор:** Ахметжанова А.Қ.

**Басылымға жауапты:** Борибаева Қ.Б.

**Компьютерлік терілім:** Көшкінбай С.М.

**Біздің мекен – жайымыз:** Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62 үй

**Телефон:** 8 (71430) 7 - 09 -16

**Эл.почта:** [arkounb@mail.ru](mailto:arkounb@mail.ru)

**Библиодайджестің шығуы**

**Жылына екі рет**

**Таралымы: 5**

**Көлемі: 0,3**